

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дайрабай Нұрайым Дайрабайқызы

nuraim.dairabai99@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар және өзін-өзі тану факультетінің студенті, Нұр-сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі- Г.Ш. Ақымбек

Қазіргі Қазақстан жастары жеке, өз бетінше өмір сүруді жөн көретіндігі баршамызға мәлім. Экономика, саясат, білім және мәдениет салаларындағы институционалды өзгерістердің қайсы бірі болсын, жастардың өмір сүру жағдайындағы өзгерістерге үздіксіз әсер етіп отырады. Жоғарғы әлеуметтік мобильділік жағдайында жастар және олардың құндылықтық көзқарастары түрлі өзгеріске ұшырап, кедергілерге жолығып жатады. Бұл өзгеріске ең алдымен құндылық жүйесінің құрылымы ұшырайды. Құндылықтардың бірі жастардың санасында жоғары дәрежеге ие болса, кейбірі екінші орынға ысырылып тасталады[1].

Студенттік кезең - бұл жоғары білімнің дамуымен тікелей байланысты құбылыс. К.Д. Ушинский бұл жастық кезең «ең шешуші кезең» деп санайды, дәлірек айтсақ, бұл кезең адамның болашағын анықтайтын өте белсенді кезең болып табылады.

Л.Д. Столяренко студенттерді жоғары оқу орны ұйымдасқан арнайы әлеуметтік категория, нақты адамдардың қауымдастығы ретінде сипаттайды [2].

А. Г. Здравомыслов құндылық бағдарларды- адамның материалдық және рухани игіліктер мен идеалдардың жиынтығына қатысты тұрақты, таңдау қатынасы ретінде қарастырады, олар жеке адамның өмір сүру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін заттар, мақсаттар немесе құралдар ретінде қарастырылады. Құнды бағдарларда адамның жеке дамуына керекті барлық өмірлік тәжірибе жинақталады[3].

М. Рокич құндылықтардың жалпы екі типі түрін көрсетеді: терминалды және инструменталды. Терминалды құндылықтар-жеке және қоғамдық көзқараспен жеке өмір сүрудің белгілі бір түпкі мақсаттары оларға ұмтылуға лайық деген сенім. Инструменталды құндылықтар-бұл жеке және қоғамдық көзқараспен белгілі бір іс-әрекет түрі кез келген жағдайларда қолайлы деп есептейтін сенім.

Ш. Шварцтың пікірі бойынша тұлғалық құндылықтар екі деңгейде бар. Бірінші деңгей- нормативтік идеалдардың деңгейі адамның өзін қалай ұстау керектігі туралы түсінігін көрсетеді. Бұл деңгей тұрақты. Екінші деңгей - Жеке басымдықтардың деңгейі адамның нақты іс-әрекеттеріне сәйкес келеді және сыртқы ортаға байланысты[4].

Қазақстандық әлеуметтанушылар мен психологтардың арасында құндылықтарды зерттеу мәселелері де танымал. Жастардың құндылықтық бағдарын зерттей келе, Г.С. Абдирайымова жастардың арасында рухани құндылықтардың басым екенін көрсеткен. Рухани құндылық ретінде өз зерттеуінде ол жастардың арасында дінге қызығушылықтың

артқандығын, отбасының және туысқандық байланыстың жастар үшін маңыздылығын, жастардың ұлттық дәстүрлерді білуін атап өтеді[5].

Зерттеу жұмысымыздың маңызды бөлімі эмпирикалық бөлім болып саналады. Эмпирикалық зерттеулер жүргізу үшін Ш.Шварцтың «құндылықты бағдарлар» сауалнамасы мен Рокичтің «құндылықты бағдарлар» әдістемесі қолданылды. Біздің мақсатымыз екі өңір жастарының өмірлік құндылық бағдарларында айырмашылық бар немесе жоқ екендігін анықтау болды. Мұндағы айырмашылық, Солтүстік студенттеріндегі құндылық бағдарлар жеке өздеріне бағдарланса, ал Оңтүстік өңір студенттеріндегі құндылық бағдарлары қоғамдық орта адамдарына, жақындарына бағдарланды.

Жүргізілген зерттеуге 18-20 жас аралығындағы 40 студент қатысты, олардың 20 — ы солтүстік өңір студенттері және 20-ы оңтүстік өңір студенттері болып табылады. Солтүстік өңір студенттері Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Әлеуметтік ғылымдар факультетінің» әр түрлі мамандықта оқитын 3- курс студенттер тобы, ал Оңтүстік өңір студенттері Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университетінің «Гуманитарлық ғылымдар факультетінің» әр түрлі мамандықта оқитын 3- курс студенттері алынды.

Кесте-1.Студенттердің нормативтік идеалдар деңгейіндегі құндылықтар типтерінің рангтік мәндері (Ш. Шварцтың әдістемесі бойынша)

	Құндылықтар түрлерінің рангтік мәні	
	Солтүстік студенттері	Оңтүстік студенттері
Конформдылық	8	4
Дәстүр	10	9
Мейірім	3	1
Универсалдылық	6	10
Дербестік	2	5
Ынталандыру	7	6
Гедонизм	5	2
Жетістік	4	3
Билік	9	7
Қауіпсіздік	1	8

Студенттердің нормативтік идеалдар деңгейіндегі құндылықтар түрлеріне ранг беру кезінде Солтүстік өңір студенттері үшін:

- 1- орында “қауіпсіздік” құндылығы;
- 2- орында “дербестік” құндылығы;
- 3- орынға “мейірім” құндылығы орын алды.

Ал Оңтүстік өңір студенттерінің нормативтік құндылықтарына келетін болсақ, олар үшін:

- 1- орында “мейірім” құндылығы;
- 2- орында “гедонизм” құндылығы;
- 3- орынға “жетістік” құндылығы шықты.

М.Рокичтің әдістемесі бойынша құндылық бағдарларды зерттеу Солтүстік өңір студенттерінде терминалдық құндылықтар тізімінде бірінші орында мынадай құндылықтар басым болды : “белсенді өмір” (11, 75), “нәтижелі өмір” (11, 35), “ләззат алу” (11, 5) болып табылды. Жетекші орынға ие болған құндылықтар “басқаның бақыты” (10, 65), “ даму “(10,55). Құндылықтар сатысындағы орташа орындар: “ материалды жағдай” (10,9), “табиғат пен өнер сұлулығы” (10,5), “ шығармашылық”(9,75), “таным” (9,45) болып табылады .

Оңтүстік өңір студенттерінің терминалды құндылықтары бойынша студенттер үшін бірінші орынды иеленетін құндылықтар «қоғамды мойындау»(12,85) , «шығармашылық»(12,25), «басқаның бақыты»(12,9). Яғни, студенттерде өзінің жеке дамуына қарағанда қоғамды дамыту, басқаға көмектесу құндылықтары өмірінің аса маңызды бөлігін құрайды деген сөз.

Ал инструменталды құндылықтарына келетін болсақ, Солтүстік өңір студенттерінде бірінші орынға “жоғары сұраныстар” (13,75) , “өзінің және басқаның кемшілігіне төзбеушілік” (12,65), “жауапкершілік ” (12,4) басым болды.Орташа мәнге ие болған құндылықтар қатарына “ қатты ерік” (11,05), “ұқыптылық” (10,95), “өзін-өзі бақылау” (10,15) , “білімділік” (9,85) орналасты. Студенттер үшін бағалы саналайтын құндылықтар қатары “тәрбиелік” (7,65), “сезімталдық”(6,9) , “көңілді ” (6,25) саналады.

Ал, Оңтүстік өңір студенттері үшін бірінші орында «жұмыстағы тиімділік» құндылығы басым болды. 2- орында «Өзінің және басқаның кемшіліктеріне төзбеушілік» құндылығы болды. 3 - орында «шыдамдылық» құндылығы басым тұрды. Яғни барлық іс - әрекеттерде шыдамдылық таныту арқылы кез келген ситуациядан шығуға мүмкіндік туғыза алуға мүмкіндіктері бар. Студенттер үшін аса маңызды саналамайтын құндылықтар қатарына «тәрбиелік», «білімділік» болып табылады.

Корреляциялық талдау нәтижесінде rs-Спирмен рангтік корреляция коэффициентін қолдану арқылы құндылықтар түрлерінің «комформдылық» көрсеткішімен бірнеше құрылымдық өзара байланысы байқалады. «Комформдылық» көрсеткіші нормативтік идеалдар деңгейінде: «мейірімділік» ($r=0,31$, $p<0,05$), «гедонизм» ($r= 0,08$, $p<0,05$) құндылықтарымен, ал «мейірімділік» көрсеткіші «ынталандыру» ($r=0,00$, $p<0,05$) және «гедонизм» ($r=0,20$, $p<0,05$)құндылықтарымен, сондай - ақ «универсалдылық» көрсеткіші «билік»($r=0,19$, $p<0,05$) және «қауіпсіздік» ($r=0,13$, $p<0,05$) құндылықтарымен оң корреляция жасайды.

Ал Оңтүстік өңір студенттеріндегі құндылықтар түрлерінің «мейірімділік» көрсеткішімен бірнеше құрылымдық өзара байланысы байқалады. «Мейірімділік» көрсеткіші нормативтік идеалдар деңгейінде «универсалдылық » ($r=0,04$, $p<0,05$) және «ынталандыру» ($r=0,29$, $p<0,05$) құндылықтарымен, ал «комформдылық» көрсеткіші «жетістік» ($r=0,22$, $p<0,05$)құндылығымен оң корреляция жасайды.

Қорытыта келгенде:

1.Бұл жұмыста екі өңір студенттерінің өмірлік құндылық бағдарлары мәселесі бойынша әдебиетке талдау жүргізілді.

2. Студенттердің өмірлік құндылықтарының негізгі бағыттары анықталды.

3. Екі өңір жастарының өмірлік құндылықтарына салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде әр өңір студенттерінің құндылық бағдарлары әр түрлі болды. Яғни, Солтүстік өңір студенттеріндегі құндылық бағдары жеке өздеріне бағдарланды, яғни тұлғалық дамуы үшін пайдасын тигізетін құндылық түрлері басым болды. Ал Оңтүстік өңір студенттеріндегі құндылық көрсеткіштері, керісінше, қоғамға негізделген құндылық түрлері болды. Осылайша, екі өңір жастарының өмірлік құндылық бағдарлары арасында айырмашық бар екендігі анықталды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазіргі таңдағы қоғамдағы қазақстандық жастардың дүние танымдық және рухани байлықтары. Источник: <https://e-history.kz/kz/contents/view/1840>© e-history.kz.
2. Столяренко Л.Д. Основы психологии. — Р /наД.: Феникс, 1997. - С. 736
3. Человек и его работа. Социологическое исследование / Под ред. А.Г.Здравомыслова
4. Карандашев В. Н. Методика Шварца для изучения ценностей личности: концепция и методическое руководство / В.Н. Карандашев.-СПб.: Речь, 2004. - 70 с.